

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Тақырыбы: Табиғи апаттар, Радиацияның әсерінен адамдағы мутациялар, Торнадо және Көліктегі өрт,

**Орындаған: Амантаева Ақбота
Қабылдаған: Рахымбеков Айтбай Ж**

Талдықорған 2018 жыл


Жоспар

- Табиғаттағы апаттар
 - Өрт болған жағдайдағы әрекеттер
 - Көліктегі өрт





США 2017ж

GeoCenter.info
















ӨРТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

- Тұрғын үй секторында өрттер жиі болады. Өрттерде адамдар жиі қаза болады. Сондықтан біздің кеңестерімізді тағы да оқыңыздар, керегі болар.
- Егер сіз өрт көрсеңіз, әрине, бірден өрт сөндірушілерді шақырыңыз, 01 қызметінің телефонистінің сұрақтарына айқын жауап беріңіз. Қай жерде жанып жатқанын, өзіңіздің телефоныңыздың нөмірін, аты-жөніңізді және қабатты айқын айтыңыз. Басқа сұрақтар қойса да ренжімеңіз (мысалы, неше подъезд, қалай жетуге болады), өрт болған жағдайда қажетсіз сұрақтар қойылмайды. Мүмкіндік болса, өрт сөндіру көліктерің қарсы алыңыз. Осының бәрі артық минуттарды сақтайды.

- Өрт сөндірушілердің дәстүрлі кепілдемелері:
- - ешқашан төсекте жатып шылым шекпеңіз;
- - балаларды отты қолдануға үйретіңіз; егер сіз оларға әбден сенбесеңіз, олардың қолына сіріңкенің түсуіне жол бермеңіз;
- - қосылған электрқұралдарын қараусыз қалдырмаңыз, әсіресе үтіктерді, жылытқыштарды, теледидарларды;
- - қолдан жасалған электр құралдарын қолданбауға тырысыңыз;
- - бір розеткаға үлкен қуатты бірнеше тұрмыстық құралдарды қоспаңыз;
- - электр сымдарының жағдайын байқап жүріңіз, өзіңіздің қауіпсіздігіңізге үнемдемеңіз, электр қалқанында “жучок” қолданбаңыз;
- - газ плитаның үстіне лактарды және бояуларды қыздырмаңыз, плитаның үстінде киімдерді кептірмеңіз;
- - шатырларға, жертөлелерге, балкондарға, эвакуация жолдарына бөтен заттар қойып, шашпаңыз, балкондарда жанатын заттарды сақтамаңыз – бір пәтерден бірнеше қабаттарға барған тік өрттер болу оқиғалары белгілі;
- - тек өзіңіздің пәтеріңіздің қауіпсіздігіне ғана емес, үйдің, ауланың қауіпсіздігіне көңіл аударыңыз: шатырлар және жертөлелер кездейсоқ адамдардан жабық болу керек; тұрғын үйдегі кез келген шаруашылық жұмыстар (жертөледегі шеберханалар, дәнекерлеу жұмыстары) қауіпті – бұзушылық жағдайында өзіңіздің өрт қадағалау инспекторынан көмек сұраңыз.

Көліктегі өрт

- Жанған резеңкенің, бензиннің иісі, капоттың астынан шыққан түтін жүргізушіге тек сыну туралы ғана емес, өрт болу мүмкіндігі туралы да айтады. Сонымен бірге қарсы келе жатқан көліктердің жүргізушілерінің белгі берулері байқалмаған қауіп туралы хабарлау болуы мүмкін. Статистика көрсеткендей, жүз көліктің біреуі ғана авария кезінде өртенеді. Басқа жағдайларда өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін бұзуынан, электр құралдары жүйесіне немқұрайлығынан, сонымен қатар осы жүйеге білікті қатынастың болмауынан басталады. Төгілген бензин бақытсыздыққа әкелген оқиғалар аз емес: кейде жанармайдың лап етуі үшін гайка кілтін түсіріп алу жеткілікті.
- Өрт сөндірушілердің байқауы бойынша кей күндерде шетел көліктері ерекше жиі жанады. Кейбіреулер олардың біздің жолдарға икемделмегендігін кінәлайды (отын және электр жүйесі босайды), кейбіреулер отынның октан санын көбейтетін әр түрлі қоспаларды кінәлайды. Тағы бір түсіндірме бар - әдейі өртеу.

- Көліктегі синтетикалық материалдар былай жанады: анықталған температураға дейін шыдап, содан соң ғана жанады, оны сөндіру өте қиын. Салонда өрт басталғанға дейін де адам көліктің ішінде бір жарым минуттан көп емес отыруға болады – бұл орташа мәліметтер.
- Сондықтан оттың бірінші белгілерінде көлікті тоқтатып, жандырғыш кілтін суырып алып, қол тежеуішіне қою керек. Егер түтін капот астынан шықса, онда оны абайлап ашу керек, оттектің келуінен оттың лап етуі мүмкін. Айтпақшы, жүру кезінде өрт нақ капоттың астынан басталады, бірақ темекі қалдығынан отырғыштардың жану оқиғалары белгілі.

- Отты өрт сөндіргіштің газ немесе көбік ағысын жану ошағына және өрттің барлық алаңы бойынша бағыттап сөндіру керек. Тағы бір әдіс – біртіндеп кеңістікті ала отырып, оттың фронтын басу. Әрине, бірнеше өрт сөндіргішті қолданған тиімді, сонымен қатар кәдімгі өрт сөндіру құралдарының комбинациясы: құм, брезент, қар, су және т.б. Яғни мүмкіндік болса, өртті құю керек – сөндіру қарқындылығы өте маңызды. Осы уақытта өз қауіпсіздігіңізді де ұмытпаңыз – қолдарыңыз бензинде, киіміңіз оның буымен иісі сіңген болуы мүмкін.
- Өрт қауіпсіздігі ережелерімен отыны аққан және электр жүйесі бұзылған көлікті гараждың ішіне қоюға тыйым салынады.

- Гаражға мынандай шек қойылады:
- күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттарды, 20 литрден көп бензинді, 5 кг көп майлайтын материалды сақтауға тыйым салынады;
- гараждың ішінде көлікті бояуға, от және электр пісіру жұмыстарымен байланысты жөндеу жұмыстарына тыйым салынады;
- қозғалтқышты жылыту үшін шырақты қолдануға тыйым салынады;
- бөлшектерді керосинмен, бензинмен т.б. жанғыш заттармен жууға тыйым салынады;
- пайдаланған мұнай өнімдерді канализацияға немесе гараж аймағына төгуге тыйым салынады.
- Аккумулятор батареясын қайтадан зарядтау да қауіпті - өйткені осы уақытта бос сутегі бөлінеді. Ол ауамен қосылған кезде ұшқыннан жарылуы мүмкін. Сондықтан қайтадан зарядтау кезінде ашық отты қолдануға болмайды, ал аккумуляторды клемдерге берік бекіту керек.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1. Ж.Жатқанбаев. Экология негіздері. Оқулық – Алматы: “Зият”, 2003ж.-212б.
- 2. Оспанова. Экология негіздері. Алматы: 2002ж.